

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

КЕАҚ «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай
өңірлік университеті»

Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық
институты



Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ
6B01302 (IP) «Бастауыш білім беру»

2025-2029 жылдарға арналған

Қостанай, 2025

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Қазіргі жағдайды талдау

Қазіргі қоғам бастауыш білім беру саласында жоғары білікті мамандарды қажет етеді. Мұндай мамандар оқушыларды қазіргі заманғы тәсілдер мен педагогикалық ғылымның жетістіктеріне сай оқыта, дамыта және тәрбиелей алуы тиіс. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бағдарламасы осы талаптарға сай келеді және заманауи талаптарға бағытталған сапалы білім беруді қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып мұғалімі мамандығының өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады:

1. Негізгі білім беру. Бастауыш сынып мұғалімдері балалардың оқу-тәрбие үдерісінің іргетасын қалайды. Олар оқушыларда оқу мен жазу, тыңдалым мен айтылым, санау және сыни тұрғыда ойлау сияқты негізгі дағдыларды қалыптастырады. Бұл кезеңде балалар өзін-өзі тәртіпке келтіру, жауапкершілік және танымдық қызығушылық сияқты маңызды құндылықтарды меңгереді.

2. Әлеуметтік бейімделу. Бастауыш білім беру кезеңі — балалар ұжымда әрекеттесуді, қарым-қатынас жасауды және дау-жанжалды шешуді үйренетін уақыт. Мұғалім баланың әлеуметтік және эмоциялық интеллектін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

3. Инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беруге баса назар аударылуына байланысты бастауыш сынып мұғалімдері әртүрлі білім алу қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу міндетін атқарады. Олар әр балаға жеке көзқарас танытып, оның әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

4. Технологиялық өзгерістер. Білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің енгізілуі мұғалімнен жаңа құзыреттерді талап етеді. Бастауыш сынып мұғалімі оқыту үдерісіне заманауи технологияларды тиімді кіріктіріп, білімді қолжетімді әрі қызықты етуі қажет.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау. Балаларға түсетін психологиялық жүктеме мен күйзеліс жағдайларының артуы жағдайында бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың эмоциялық қолдау мен психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

6. Мамандықтың әлеуметтік маңызы. Бастауыш мектеп мұғалімдері — болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен қалыптастыру үдерісіндегі негізгі тұлғалардың бірі. Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуі осы мамандардың еңбегіне тікелей байланысты.

«6B01302 – Бастауыш білім беру (IP)» білім беру бағдарламасының мақсаты: бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі саласында кәсіби білікті маманды даярлау. Бағдарлама түлектері пәндік сала бойынша сапалы білімге, аналитикалық, зерттеушілік және тілдік дағдыларға ие болуы тиіс; үздіксіз өзін-өзі білім жетілдіруге және кәсіби білім, білік пен дағдыларын дамытуға қабілетті болуы қажет. Сонымен қатар, оларда көшбасшылық қасиеттер мен жаңашыл ойлау қабілеті қалыптасуы көзделеді.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқу аяқталуының негізгі өлшемі – студенттің оқу кезеңі барысында барлық оқу қызмет түрлерін қоса алғанда, кемінде **240 академиялық кредитті** меңгеруі болып табылады.

Бағдарлама аяқталған соң түлектерге «**6B01302 – Бастауыш білім беру (IP)**» білім беру бағдарламасы бойынша **білім бакалавры** академиялық дәрежесі беріледі.

Осы білім беру бағдарламасының түлектері келесі лауазымдарды атқара алады:

- бастауыш сынып мұғалімі;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушысы (Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) 6-деңгей);
- әдіскер.

Білім беру бағдарламасы студенттерде қажетті дағдылар мен құзыреттерді қалыптастырады. Бағдарлама аяқталғаннан кейін түлек мыналарды орындай алады:

1. Пәнаралық білім мен тәжірибені қолдану – дүниетанымдық, тарихи және адамгершілік тұрғыдан дамуға бағытталып, қазақстандық қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ету.

2. Коммуникация және тілдік құзыреттілік – қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде тұлғааралық, әлеуметтік, кәсіби және зерттеу қызметінде тиімді қарым-қатынас орнату және өзара әрекеттесу.

3. Кәсіби және құқықтық жауапкершілік – жұмыс ортасын ұйымдастырып, халықаралық және ұлттық құжаттар мен қағидаттарға, білім беру жүйесінің заңнамалары мен ережелеріне сәйкес саналы түрде әрекет ету, ұйым қызметін көпсалалы ынтымақтастықпен байланыстыра білу.

4. Өзін-өзі дамыту және өмір бойы білім алу – кәсіби тұрғыда үздіксіз дамуға, өз құндылықтары мен ұстанымдарын, этикалық қағидаттарын және жұмыс әдістерін сын тұрғысынан бағалауға, бастауыш білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған жаңа мақсаттар қоя білу.

5. Педагогика және психология негіздерін қолдану – кіші мектеп жасындағы балалардың тәрбиесі, дамуы мен оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда тұлғаға бағытталған, құзыреттілікке негізделген және инклюзивті тәсілдерді басшылыққа алу.

6. Дамытушы орта құру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоса отырып, бастауыш мектепте қауіпсіз және кедергісіз дамытушы пәндік-кеңістіктік орта жобалау.

7. Пәндік және әдістемелік білімді қолдану – бастауыш мектеп пәндерінің теориялық негіздерін, олардың мазмұны мен құрылымдық логикасын (1–4 сыныптар) меңгеру және оқу үдерісінде тиімді пайдалану.

8. Оқыту мен бағалау технологияларын меңгеру – бастауыш мектептің жеке пәндерін оқыту мен бағалаудың заманауи әдістемелері мен технологияларын офлайн және онлайн форматта, соның ішінде шағын жинақты мектеп жағдайында қолдану.

9. Белсенді және интеграциялық оқытуды ұйымдастыру – функционалдық сауаттылықты, зерттеу дағдыларын және шығармашылықты дамытуға бағытталған оқытуды жобалап, әр оқушының дамуы мен әл-ауқатын қолдау.

10. Білім беру үдерісін басқару – ұлттық және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, оқу үдерісін жоспарлау, мониторинг жүргізу, талдау және нәтижелерін өз педагогикалық қызметін жетілдіруде пайдалану.

11. Зерттеу қызметін жүргізу – педагогикалық этика мен академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, бастауыш білім беру саласында жергілікті, өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейде жеке немесе ұжымдық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

12. Эмоциялық интеллект пен көшбасшылық қасиеттерді дамыту – ата-аналар және педагогикалық қауымдастықпен ынтымақтастық пен бірлескен шығармашылық арқылы оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ететін қолайлы атмосфера қалыптастыру.

Жоғары білім берудің оқу бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады: **жалпы білім беру пәндері (ары қарай – ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндік пәндер (Бей П).**

ЖБП циклі міндетті компонент (ары қарай – МК), жоғары оқу орны компоненті (ары қарай – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (ары қарай – ТК) пәндерінен құралады.

БП және Бей П циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

БП және Бей П циклдері оқу пәндерін, педагогикалық практикалардың түрлерін қамтып, жалпы көлемі кемінде **172 академиялық кредитті** құрайды.

Білім беру бағдарламасы келесі **педагогикалық практикаларды** қарастырады:

- **1-курс** – педагогикалық практика «*Мұғалім мамандығына кіріспе*»;
- **2-курс** – педагогикалық практика «*Психологиялық-педагогикалық бағалау*»;
- **3-курс** – педагогикалық практика «*Педагогикалық тәсілдер*»;
- **4-курс** – педагогикалық практика «*Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар*».

Бағдарлама түлектері оқуын **магистратурада жалғастыруға** мүмкіндік алады. Бұл олардың білімін тереңдетіп, біліктілігін арттыруға, сондай-ақ ғылым мен білім беру саласындағы қосымша кәсіби және мансаптық мүмкіндіктерге жол ашады.

Бағдарлама түлектері оқуын **магистратурада жалғастыра алады**, бұл олардың білімін тереңдетіп, біліктілігін арттыруға, сондай-ақ ғылым мен білім беру саласында қосымша мансаптық мүмкіндіктер ашуға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы **Финляндияның ХАМК университеті, Назарбаев Университеті**, сондай-ақ осы бағыт бойынша мамандар даярлайтын **Қазақстан Республикасының аймақтық педагогикалық жоғары оқу орындарының өкілдері** қатысуымен әзірленді.

2. Қазіргі жағдайды талдау

Оқу жылы	Оқыту түрі	Барлық білімалушылар	Грант негізінде оқитын білімалушылар	Ақылы негізде оқитын білімалушылар
2023-2024	Күндізгі 4 жыл	36	26	10
2024 - 2025	Күндізгі, күндізгі қысқартылған	61	47	14
2025 - 2026	Күндізгі, күндізгі қысқартылған	187	75	112

6B01302 – Бастауыш білім беру (IP) білім беру бағдарламасын жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар қамтамасыз етеді. Олар оқытылатын пәннің ерекшелігін терең түсінетін, толыққанды білім мен жеткілікті әлеуетке ие, сондай-ақ оқу үдерісінде білімді тиімді жеткізуге қажетті дағдылар мен тәжірибесі бар мамандар болып табылады.

1. Ли Елена Дмитриевна, педагогикалық ғылымдар кандидаты
2. Байжанова Сауле Аскарбековна, педагогикалық ғылымдар кандидаты
3. Данильченко Галина Ивановна, педагогикалық ғылымдар кандидаты
4. Жандауова Шолпан Еркиновна, педагогика және психология магистрі
5. Айдналиева Назгуль Аманжоловна, педагогикалық ғылымдар кандидаты
6. Бисембаева Жанат Кумаровна, педагогикалық білім беру магистрі
7. Кушмурзина Даметкен Хажмухановна, педагогика ғылымдарының магистрі
8. Султанбекова Жадыра Хамитбековна, педагогикалық білім беру магистрі

6B01302 (IP) – Бастауыш білім беру білім беру бағдарламасы бойынша тәуекелдердің ықпалын төмендету жөніндегі іс-шаралар.

№	Мүмкін болатын тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шаралар
1.	ПОҚ мен студенттердің академиялық ұтқырлығының төмен деңгейі	Ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасау, институт және университет деңгейінде үйлестірушілердің жұмысын жандандыру, ішкі және онлайн ұтқырлықты дамыту
2.	Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелілігінің төмендігі	ПОҚ-ның ККСОН ұсынған журналдарда мақалалар жариялауын жандандыру, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуын қамтамасыз ету.
3.	Білімалушылар контингентінің жеткіліксіздігі	«Жарнамалық кампаниялар мен іс-шараларды өткізу. Ерекше жетістіктері бар немесе әлеуметтік осал топтардан шыққан студенттерге стипендиялар мен гранттар беру. Басқа өңірлердегі білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық орнатып, серіктестік бағдарламалар жасау. ТМД елдерінен шетелдік студенттерді тарту.

3. БББ даму жоспары

№	Іс-шаралар	Индикаторлар және орындау мерзімі					Жауаптылар
		2025-2026	2026-2027	2027-2028	2028-2029	2029-2030	
1. Білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру							
1.1	Педагогикалық білім беруді дамыту Тұжырымдамасын іске асыру мақсатында білім беру бағдарламасы пәндеріне жасанды интеллектке (ЖИ) қатысты тапсырмаларды әзірлеп, енгізу.	1	1	2	3	4	Кафедра меңгерушісі
1.2	«Оқу-тәрбие үдерісінде, соның ішінде силлабустарды әзірлеу кезінде, пәнаралық және инклюзивті тәсілдерді қамтамасыз ету.»	+	+	+	+	+	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ, Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығы
1.3	«Еңбек нарығындағы өзгерістер мен жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес пәндерді жаңарту және өзектендіру.»			+		+	Кафедра меңгерушісі, академиялық комитет
2. Кадрлық әлеует							
2.1	ПОҚ-ның біліктілігін арттыру, соның ішінде STEAM және CLIL бағыттары бойынша.		2	4	5	10	Кафедра меңгерушісі
2.2	Ғылыми-зерттеу жұмыспен айналысатын ПОҚ үлесін арттыру	60%	60%	60%	60%	60%	Кафедра меңгерушісі
2.3	Тәжірибе, үлгі, ресурстар алмасу және оқу-әдістемелік әдебиеттер шығару мақсатында отандық және шетелдік серіктестермен желілік ынтымақтастық орнату.	+	+	+	+	+	Кафедра меңгерушісі, ғылым және коммерцияландыру бөлімі

3. Оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз ету және инновациялық білім беру технологияларын белсенді пайдалану							
3.1	Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті (ЖИ) енгізу. Университет платформасында орналастыру үшін элективті пәндер бойынша онлайн-курстар мен/немесе бейсабақтар (видео-дәрістер) әзірлеу және енгізу.	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Кафедра меңгерушісі
3.2	Студенттердің үлгерімін цифрлық мониторингтеу мен бағалау платформаларын пайдалану.	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Кафедра меңгерушісі
3.3	Педагогикалық практиканы бағалау және жетілдіру. Менторлық жүйені дамыту арқылы педагогикалық практиканың сапасын арттыру. Тәрбиелеу, оқыту және менеджменттегі инновациялық тәсілдерді қамтитын практика бойынша студенттерге арналған семинарлар өткізу.		+			+	Кафедра меңгерушісі
3.4	Жаппай ашық онлайн-платформаларда әзірленген және енгізілген курстар саны			1		1	
4. Материалдық-техникалық базаны жетілдіру							
4.1	«Білім беру бағдарламасын дамытуға тартылған инвестициялар көлемі (млн теңге).	2	-	-	3	-	УНК
4.2	Кітап қорын көбейту және жаңарту.	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Кафедра меңгерушісі, библиотека
4.3	Бастауыш білім беру бойынша мамандандырылған кабинетке		+			+	УНК, Кафедра меңгерушісі

	(822) жабдықтар орнату.						
5. Ғылыми зерттеулердің сапасы мен нәтижелілігін арттыру.							
5.1	Оқытушылардың ғылыми белсенділігін қолдау: әдістемелік және сараптамалық сүйемелдеу.	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Ғылым және коммерцияландыру бөлімі
5.2	Студенттердің ғылыми жұмыстар байқауларына, олимпиадаларға, жобалар мен конференцияларға қатысуы.	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ,
5.3	ПОҚ КОКСОН және басқа да рейтингілік журналдарда мақалалар жариялауға дайындалуы.	1	2	3	3	3	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ,
5.4	Оқытушылардың ғылыми байқаулар мен жобаларға қатысуы.	1	2	3	3	3	Кафедра меңгерушісі, ПОҚС,
5.5	Университет студенттерінің ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, соның ішінде ТДМ (Тұрақты даму мақсаттарын) іске асыруға тартылған үлесі (%)	-	5	10	10	20	
6. Контингентті қалыптастыру							
6.1	Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу, БАҚ пен теледидарда сөз сөйлеу, әлеуметтік желілерде мамандықты танымал ету, педагогикалық сыныптармен жұмысқа қатысу.	+	+	+	+	+	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ, Маркетинг және коммуникациялар бөлімі
6.2	Жоғары сынып оқушыларына арналған Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу, кіші педагогикалық академияның жұмысына тарту.	+	+	+	+	+	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ

6.2	Білім беру бағдарламасы туралы заманауи жарнамалық материалдар дайындап, оларды ашық қолжетімділікке орналастыру.	+	+	+	+	+	Кафедра меңгерушісі, Маркетинг және коммуникациялар бөлімі
7. Түлектерді жұмысқа орналастыру							
7.1	Жұмыс берушілермен өзара әрекеттесу: білім беру бағдарламасын (ББ) әзірлеуге және сараптауға тарту және басқа да бағыттар	2	3	4	5	5	Кафедра меңгерушісі
7.2	Біліктілікті бағалаудан (БББ) өткен түлектердің үлесі	нет выпуска	60%	70%	80%	90%	Кафедра меңгерушісі
7.3	Дуальды оқытуды дамыту мақсатында тәжірибе базасын кеңейту	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Кафедра меңгерушісі
8. Білім беру бағдарламасын мониторингтеу							
8.1	Білім беру бағдарламасының аккредитациясы		+				ООАК, Кафедра меңгерушісі
8.2	Түлектердің тәжірибесін және бағдарламаның олардың кәсіби дамуына әсерін бағалау мақсатында жыл сайын кездесулер ұйымдастыру, түлектерді білім беру бағдарламасын әзірлеушілер мен сарапшылар құрамына енгізу	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ
8.3	Студенттердің, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің, білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізу	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Кафедра меңгерушісі, Білім беру бағдарламалары бөлімі, Инклюзивті білім беру және

							психологиялық қолдау орталығы
8.4	Тәжірибе базаларымен өзара әрекеттесу, әдістемелік кеңестерге қатысу, жұмыс берушілерді талқылауларға және кері байланыс жинауға тарту	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	жыл сайын	Кафедра менгерушісі, практикаға жауаптылар
8.5	Университет түлектерін даярлау сапасы туралы жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Жылына екі рет	Кафедра менгерушісі, Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы https://practice.ksu.edu.kz/survey/

МДжБББ кафедрасының отырысында қаралды, хаттама №10, 10.06.2025 ж.

Әзірлеушілер:

МДжБББ кафедрасының меңгерушісі

Ли Е.Д.

МДжББЮ кафедрасының аға оқытушысы

Жандауова Ш.Е.

Жұмыс берушілер:

Қостанай қаласындағы Айгерим Ай бастауыш мектеп директоры

Сапанова Г.А.

Қостанай қаласындағы №17 жалпы білім беретін мектептің директоры

Шинбулатова К.Б.